


Балқаш аудандық ТЖБ  
бастығының м.у.а азаматтық  
қорғау аға лейтенанты Н.Б.Аманбаевқа


### Ақпараттық хат

№ 2 Жамбыл атындағы орта мектебінде 1 наурыз - Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күніне 30 жыл толуына орай, іс- шаралар – өткізілуі туралы мектеп бұйрығы шығарылып, сол бойынша жұмыстар атқарылды. Нақты айтар болсақ, табиғи апаттан қорғану, соның ішінде жер сілкінісі кезінде, өрт болған кезде, су тасқыны орын алған жағдайда үйде, мектепте өздерін ұстауы және алғашқы көмек көрсету бойынша сақтық шараларымен таныстырды. Мектебіміздің алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Сейткер Дархан, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Карагаева Алия, мектеп медбикесі және сынып жетекшілер оқушыларды нұсқаулықтармен таныстырды. Әр баланың өмірі қымбат екенін айтып өтілді. Сондай -ақ оқушылар назарына бейнеролик ұсынылып, түсіндірме жұмыстары жүргізіле отырып, оқу жаттығулары өткізілді. Сонымен қатар 9-11 сынып оқушылары арасында «Жаса Қазақстан» әніне флешмоб ұйымдастырылды. Бұл шаралар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу ісіндегі елдердің күш-жігерін үйлестіруге, халықты орын алуы мүмкін экстремалды жағдайларға дайындауға бағытталған. Атқарылған шараға барлығы 218 оқушы қамтылды.

<https://www.facebook.com/groups/2958909037673347/permalink/4057323697831870/?sfnsn=wa&ref=share&mibextid=WaXdOe>

<https://www.facebook.com/share/v/1GruDzMh3w/>

Мектеп директоры м.у.а:  Г.А.Каренеева



1 наурыз - Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күніне 30 жыл толуына орай өткізілген жұмыс барысы бойынша фото есеп.

